



**Жыныстық және репродуктивтік денсаулықты
қорғау қызметтері, соның ішінде ақпараттық және
білім беру қызметтері (2024 жыл)**



Ахмет Ясауи университеті студенттер мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау және жақсарту мақсатында жыныстық және репродуктивтік денсаулықты қорғау бойынша ақпараттық және білім беру қызметтерін ұсынады. Бұл қызметтер жастардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге, сондай-ақ денсаулыққа қатысты дұрыс шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Қызмет түрлері:

- Ақпараттық және білім беру бағдарламалары – студенттер мен оқытушылар үшін репродуктивтік денсаулық және оның маңыздылығы туралы семинарлар, дәрістер және тренингтер өткізіледі.
- Медициналық кеңес беру– университеттің медициналық орталығы репродуктивтік денсаулық, отбасын жоспарлау және алдын алу шаралары бойынша мамандардың көмегін ұсынады.
- Психологиялық қолдау – студенттер университет психологтарынан жеке және құпия түрде кеңес ала алады.
- Салауатты өмір салтын насихаттау – жастар арасында денсаулықты сақтау, дұрыс тамақтану және аурулардың алдын алу шаралары туралы ақпарат таратылады.
- Әлеуметтік жобалар мен ақпараттық науқандар – университет жыныстық және репродуктивтік денсаулық туралы хабардарлықты арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырады.

Ахмет Ясауи университеті Денсаулық және әл-ауқат (ТДМ 3) *толығырақ сайттан көре аласыз:* <https://ayu.edu.kz/birimler/en/5-surdulebilir-kalkinma-arastirma-merkezi/saglik-ve-esenlik> және Гендерлік теңдік (ТДМ 5) <https://kazstat.github.io/sdg-site-kazstat/en/5/> тұрақты даму мақсаттарына сәйкес, жастардың денсаулығы мен сапалы білім алуына жағдай жасайды.

Ахмет Ясауи университеті студенттер мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау және жақсарту мақсатында жыныстық және репродуктивтік денсаулықты қорғау бойынша ақпараттық және білім беру қызметтерін ұсынады және де Қожа Ахмет Ясауи клиникасы — Түркістан қаласында орналасқан медициналық мекеме, бұл клиника Түркістан облысындағы халыққа жоғары сапалы медициналық қызмет көрсету мақсатында жұмыс істейді. Клиника Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты және оның миссиясы — студенттерге, оқытушыларға және жалпы халыққа медициналық көмек көрсету, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында білім беру.

Клиникада заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген дәрігерлер мен мамандар қызмет етеді. Ол жерден келушілер әртүрлі медициналық бағыттар бойынша көмек ала алады, оның ішінде терапевтік, хирургиялық, гинекологиялық, педиатриялық және басқа да көптеген қызметтер бар. Сонымен қатар, клиника профилактикалық тексерулер мен денсаулықты сақтау бағдарламаларын да ұсынады.

Клиника жыныстық және репродуктивтік денсаулық, психологиялық көмек, ерте диагностикалау, және профилактикалық қызметтер сияқты маңызды бағыттарда да қызмет көрсетеді. Қызметтерінің ішінде тексеру, емдеу, кеңес беру және медициналық сауаттылықты арттыру мақсатында білім беру бағдарламалары бар.

Қожа Ахмет Ясауи клиникасы өзінің жоғары деңгейдегі медициналық қызметтерімен және кәсіби мамандарымен науқастардың сенімді серіктесіне айналған. Қожа Ахмет Ясауи клиниканың ресми сайты, толығырақ көре аласыздар: <https://ayuclinic.kz/>

Ахмет Ясауи университетінде АИ дәрігерлік амбулаториясы студенттер мен қызметкерлерге сексуалды және репродуктивті денсаулық сақтаудың алдын алуда рөл маңызды атқарады. Амбулаторияның дәрігерлері мен медициналық қызметкерлері студенттерге сексуалды денсаулықты қорғау, контрацепция әдістері, жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу жөнінде ақпарат береді. Бұл қызметтер студенттердің сауатты шешімдер қабылдауына және жауапкершілікпен әрекет етуіне көмектеседі.


АИ дәрігерлік амбулаториясы студенттерге құпиялылықты сақтай отырып, жеке кеңес беру қызметтерін де ұсынады. Бұл қызметтер сексуалды және репродуктивті денсаулық туралы ашық сөйлесуге мүмкіндік береді, әрі студенттердің сұрақтарына жауап береді. АИ дәрігерлік амбулаторияның қызметкерлері оқу барысында студенттерге қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында түрлі семинарлар мен тренингтер өткізіп, олардың денсаулығын сақтауға ықпал етеді. Осылайша, Ясауи университетінің Ахмет Ясауи амбулаториясы сексуалды және репродуктивті денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділікті арттырып, студенттерді сау әрі жауапкершілікті өмір сүруге үйретеді. *Толығырақ сайтқа сілтеме:* <https://ayu.edu.kz/birimler/en/311-ay-saglik-merkezi/personel>

АИ дәрігерлік амбулаториясының дәрігерлерімен медбикелері BLS сертификатына ие болды

2024 жылы 9-желтоқсан мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында университетіміздің медицина факультетінің базасында алғашқы шұғыл медициналық көмек көрсету циклы оның ішінде «Базалық жүрек-өкпе реанимациясы-Basic Life Support(BLS)» дағдылары бойынша 6 сағат көлемінде семинар-тренинг өткізілді.

1-Желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні

1 Желтоқсан Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні науқанына орай университет жатақханаларында «Дұрыс жолды таңда» тақырыбында студенттер арасында іс шара өткізілді. Өткізілген іс шараға облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығынан мамандар қатысып АИТВ инфекциясы әлем бойынша сонын ішінде Қазақстанда таралуы, эпидемиологиялық жағдайын айтты, АИТВ инфекциясымен өмір сүруші адамдарды әлеуметтік қорғау, стигма, дискриминация туралы түсінік берді. Соңында студенттермен кері байланыс орнатып, сұрақ-жауап ретінде дискуссия жүргізілді. Іс шараның мақсаты – жастарға АИТВ инфекциясы туралы шынайы ақпарат бере отырып, оларды қауіпсіз мінез-құлық дағдысына үйрету және АИТВ-мен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсетуге тәрбиелеу.



Тұрақты даму ғылыми-зерттеу
орталығының директоры



Т. Гаипов